

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті
Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы бағыттары бойынша
академиялық комитет мәжілісінің**

№ 9 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

10.06.2024 ж.

Қатысқандар: АК төрағасы – Халилаева Э.Ж., аға оқытушы, АК мүшелері – п.ғ.к., доцент Джаздықбаева М.Б., п.ғ.к., доцент Жумадуллаева А.А., п.ғ.к., доцент Кайбулдаева Г.А., PhD, аға оқытушы Мейрбекова Г.П., жұмыс беруші өкілі «Алия» бөбекжай-балабақша меңгерушісі Есетова С.М., білімгерлер: 6В01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу БББ білімгері Жарылхасын Д.Д., 7М01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу БББ магистранты Мирзаева С.А.

Қатыспағандар:-

Күн тәртібінде:

1. АК жылдық есебін әзірлеу.
2. АК жылдық есебін талқылау бекітуге ұсыну.

Тыңдалды:

АК төрағасы Э.Ж.Халилаева: Саламатсыздар ма, АК мүшелері, 2023-2024 оқу жылы Академиялық комитет жоспарына сәйкес жыл бойы жұмыстар атқарылды. Жұмыс жоспарында әрайға белгіленген іс-шаралар ұйымдастырылып, есебі ұсынылды. АК жоспарының орындалуына атсалысқан әріптестерге алғысымды білдіремін.

АК мүшесі Г.А.Кайбулдаева, академиялық персонал: 2023-2024 оқу жылы Академиялық комитеттің атқарған жұмыстарының тиімді ұйымдастырылды. Білім беру бағдарламаларын талқылау үдерісіне барлық АК мүшелерінің белсенді қатысқанына тап түгіз еболады. Сауалнама мен талдау қорытындысы, АК мүшелерінің ұсыныстары мен мәселелерді шешу жолдары ескеріледі.

АК мүшесі М.Б.Джаздықбаева, академиялық персонал: БББ бағдарламасын талдау жұмыстарының тиімді жерде. Атқарылған жұмыстар жақсы бағаланды. Талдау нәтижелерінің оқу жылы барысында назарда болғаны жөн.

АК мүшесі А.А. Жумадуллаева, академиялық персонал: 2023-2024 оқу жылы Академиялық комитеттің мүшесі ретінде білім беру бағдарламаларын жасау және жаңарту үдерісіне өзүлесімді қостым. Осы орайда БББ мазмұны мен жақыннан танысуға мүмкіндігім болды. Талаптарға сай жасалған БББ-дағы күзгі реттер мен оқыту нәтижелері білім алушылардың біліктілігін арттыруға бағытталғанына тапайтуға болады. Жалпы алғанда теориялық білімнің нәтижесі практика барысында айқын көрініс табады. Білімгерлердің игерген дағдылары ғылыми ізденістері мен талдауларында септігін тигізеді анық. Оқу жылы барысында БББ жасау және жаңарту үдерісіне атсалысып жүрген барлық АК мүшелеріне алғысымды білдіремін.


АК төрағасы Э.Ж.Халилаева: Құрметті АК мүшелері жыл бойында мәжіліске белсенді қатысқандарыңызға рахмет! АК жылдық есебін талқылап, бекітуге ұсынып отырмыз. Барлықтарыңызға рахмет.

ШЕШІМ:

1. АК жылдық есебі бекітуге ұсынылсын.
2. 2024-2025 оқу жылы БББ жасау мен жаңарту барысында SWOT талдау нәтижесі назарға алынсын.

АК төрағасы:

Хатшысы:



Э.Ж.Халилаева

С.А.Мирзаева